$$I_{MAX} = \frac{P_{ном}}{\sqrt{3}\ U_{ном} \cdot 0{,}95 Cos\varphi ном} = \frac{200 \cdot 10^6}{\sqrt{3}\ 15{,}75 \cdot 0{,}85 \cdot 10^3\ 0{,}95} = 0{,}28 \text{ кА}$$

Табылған мәндерге қарап коммутациялық аппараттарды таңдаймын:

Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдау

Енді осы мәндерді ескере отырып ажыратқыш таңдасақ ВВГ-20-160/20000 (Uном=20 кВ, Iном=12500 А, tотк=0,14)

$$\tau = t_{РК} + t_{ОТК} = 0{,}01 + 0{,}14 = 0{,}15 \text{ с}$$

G1,G2,G3,G4,1G5,G6 генераторларының перидикалық құраушылары ТВВ-200-2 үшін Та=0.31 (Ә.Т.2,149 бет. 3,7 таблица)

$$i_{ntG1G2G3} = \sqrt{2} \cdot I_{n,0,G1G2G3} \cdot e^{\frac{-t}{Ta}} = \sqrt{2} \cdot 77{,}01 \cdot e^{\frac{-0.15}{0.31}} = 67{,}15 \text{ кА}$$

Қысқа тұйықталу тогының толық квадраттық импульсі:

$$B_K = I^2_{n,0,k3} \cdot \left(t_{айыр} + T_a\right) = 77{,}01^2 \cdot \left(0{,}14 + 0{,}31\right) = 2668{,}74 \text{ кА}^2\text{с}$$

ҚТ тоғының әсерінен желіде тоқтың өсуіне байланысты келесі генераторлық ажыратқыш пен айырғышты таңдаймыз: ВВГ-20-160/20000У3 және РВП-20/12500

2.14 кесте – Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдау

Менің есептегенім	Ажыратқыш ВВГ-20-160/20000У3	Айырғыш РВП-20/12500
$U_{НОМ}$ =15,75 кВ	$U_{НОМ}$ =20 кВ	$U_{НОМ}$ =15 кВ

I_{MAX} =0,28 кА	$I_{НОМ}$ =12,5 кА	$I_{НОМ}$ =12,5
$I_{n,\tau}$ =67,13 кА	$I_{ОТК,НОМ}$ =160 кА	
$\sqrt{2}\cdot I_{n,\tau}+I_{a,\tau}=$ $\sqrt{2}\cdot 67{,}13=94{,}93$кА	$\sqrt{2}\cdot I_{ОТК,НОМ}\cdot\left(\frac{\beta_H}{100}+1\right)=$ $\sqrt{2}\cdot 160\cdot\left(\frac{20}{100}+1\right)=271.52$кА	
I_{n0K}=128,16 кА	$I_{дин}$=160 кА	
i_y=334,34 кА	$t_{дин}=410$ кА	$I_{дин}$=490 кА
B_K =2668,74 $кА^2 с$	$I^2_{n,0}\cdot(t_{ОТК}+T_a)=$ $160^2\cdot 4=102400\ \ кА^2\cdot с$	$I^2_{ТЕР}\cdot t_{ТЕР}=180^2\cdot 4=$ $132496 кА^2\cdot с$

Тоқ және кернеу трансформаторларын таңдау

Тоқ трансформаторының таңдау шарттары:

- $U_{КОН}\le U_{НОМ}$
- $I_{НОМ.Есептік}\le I_{НОМ}$

Дәлдік класымен:

- $i_y\le i_{дин}$
- $B_K\le I^2_{ТЕР}\cdot t_{ТЕР}$

2.20 кесте – К-1 нүктесі үщін ТШВ-15-УЗ ток трансформаторын таңдаймыз

К-1 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{конд}$ =10 кВ	$U_{НОМ}$ =15 кВ
$I_{НОМ.Есептік}$ =7,56 кА	$I_{НОМ}$ =8000 А
i_y=335,93 кА	$i_{дин}$=450 кА

$B_K = 2096{,}28\ кА^2 с$	$I^2_{ТЕР} \cdot t_{ТЕР} = 19200\ кА^2 с$

2.21 кесте – К-2 нүктесі үщін ТФЗМ110Б-III ток трансформаторын таңдаймыз

К-2 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{НОМ} = 110$ кВ	$U_{НОМ} = 110$ кВ
$I_{НОМ.Есептік} = 6{,}47$ кА	$I_{НОМ} = 2000$А
$i_y = 25{,}73$ кА кА	$i_{дин} = 212$ кА
$B_K = 15{,}29\ кА^2 с$	$I^2_{ТЕР} \cdot t_{ТЕР} = 108\ кА^2 с$

2.22 кесте – К-3 нүктесі үщін ТФЗМ 220Б-III ток трансформаторын таңдаймыз

К-3 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{НОМ} = 220$ кВ	$U_{НОМ} = 220$ кВ
$I_{НОМ.Есептік} = 295{,}53$ А	$I_{НОМ} = 1200$ А
$i_y = 11{,}074$ кА	$i_{дин} = 100$ кА
$B_K = 3{,}2\ кА^2 с$	$I^2_{ТЕР} \cdot t_{ТЕР} = 4609{,}92\ кА^2 с$

2.23 кесте – К-4 нүктесі үщін ТШВ-24-УЗ ток трансформаторын таңдаймыз

К-1 мәндері	Трансформатор мәндері
$U_{НОМ} = 10$ кВ	$U_{НОМ} = 24$ кВ
$I_{НОМ.Есептік} = 6{,}469$ кА	$I_{НОМ} = 24000$ А
$i_y = 143{,}43$ кА	$i_{дин} = 450$ кА

$B_K = 35{,}966\ кА^2 с$	$I^2_{ТЕР} \cdot t_{ТЕР} = 4800\ кА^2 с$

Енді кернеу трансформаторын тандау шарттары:

- $U_{КОН} \leq U_{НОМ}$

- конструкциясымен және орамының қосылу схемасымен;

- дәлдік класымен;

- $S_{2РАС} \leq S_{2НОМ}$

2.24 – кесте. Кернеу трансформаторларының параметрлері:

1-кернеу трансформаторы	2-кернеу трансформаторы	3-кернеу трансформаторы	4-кернеу трансформаторы
$U_Н = 10$ кВ	$U_Н = 110$кВ	$U_Н = 220$кВ	$U_Н = 10$кВ
$U_{1Н} = 10$кВ	$U_{1Н} = 110$кВ	$U_{1Н} = 220$кВ	$U_{1Н} = 10$кВ
$U_{2Н} = 10$	$U_{2Н} = 110$кВ	$U_{2Н} = 220$кВ	$U_{2Н} = 10$кВ
$S_{пред} = 630$ ВА	$S_{пред} = 2000$ ВА	$S_{пред} = 2000$ ВА	$S_{пред} = 400$ ВА
НОМ-10-66	НКФ-110-58	НКФ-220-58	НТМИ-10-66

3. Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі

3.1 ГРЭС Құрылғыларын пайдалануда техника қауіпсіздігін сақтау ережелері және шаралары

Жұмыс шарттары адамның денсаулығын және жұмыс қабілетін анықтайды. Жұмыс шартының жағдайы өндірістік факторлардың болуымен анықталады.

КЭС-тің цехтарыңда өзіңдік өндірістік факторлары. Физикалық өндіріс факторларына

- қозғалмалы механизмдер, өндіріс жабдықтарының қозғылатын бөліктері, орын ауыстыратын бұйымдар, жұмыс орнының орналасуының жерден айтарлықтай биіктіктегі өткір жиектері, жоғары шаңдылық және ауаның газдануы;
- жабдықтар беттерінің, ауаның температурасының жоғарылауы; - шу деңгейінің жоғарылауы, діріл.

Химиялық өндіріс факторларына адамға токсикалық, тітіркендіруші әсер беретін заттар жатады.

Психофизиологиялық өндіріс факторларына физикалық шамадан тыс жүктелу жатады.

Еңбек шартының анализі өндіріс факторларын зертеудің барлық кешенін болжайды.

КЭС-тегі шу және дірілмен күресуді, жұмыс орнын, жабдықтарды жобалау барысында қарастыру керек. Бұл үшін ұйымдастырушылық, техникалық және медико-профилактикалық шаралар қолданылады. Ұйымдастырушылық шараларға өндірістік бөлімдердің, жабдықтар мен жұмыс орындарының рационалды орналастыру, жұмысшылардың еңбегі мен дем алысын үнемі бақылау, жабдықтарды және санитарлық-гигиеналық талаптарға сай емес жұмыс орындарын қолдануды шектеу.

Техникалық шаралар бұл факторлардың жұмысшыларға әсерін елеулі төмендетуге мүмкіндік береді. Жабдықтарды құру барысында шу мен діріл деңгейін олардың пайда болу көздерде төмендетуге ұмтылу қажет. Бұл соққы әсерін соққысыз әсермен ауыстыру арқылы, иілгіш байланыстарды қолданумен, жабдықтарды діріл сөндіргіш негіздерге орналастыру қондыру жолдарымен іске асады. Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, ескірген бөліктерді ауыстыру, айқасу және ұрылуды жоққа шығару сияқты жағдайлардың маңызы өте жоғары. Егер шу көзінде шу және діріл деңгейі жағары болса, жабдықтың немесе жұмыс орнының оқшауламасы және дыбыс жұтқыш материалдарды қолдану шаралары да қолданылады. Шудан оқшаулау қабықтың, экранның, қоршаулардың көмегімен іске асады. Шуды оқшаулағыш қоршаулардың дыбыс толқынын шағылыстырып, шудың таралуына кедергі жасайды. Қоршаудың дыбыстан оқшаулау қабілеті оның өлшемдеріне, орналасуына, материалына және т.с.с. тәуелді. Дыбысты жұту құбылысы шудың тербелмелі энергиясының жылулық энергияға айналуымен түсіндіріледі. Шудың көп мөлшерде жұтылуын саңылаулы және перфорирленген материалдар, мата қамтамасыз етеді.

Қажетті жағдайларда шу және дірілмен күресу үшін жеке қорғаныс құралдары қолданылады. Шулы бөлмелерде қорғағыш қақпақ, дыбыс жойғыштар, құлақшындар, арнайы бас киімдер қолданылады.

Өндірістік жабдықтар шығарылатын шуды азайту үшін, келесі шаралар қолданылады:

- бас пана, қабырға, шамдарды, терезелерді, қақпаларды, есіктерді жобалау барысында қажетті шу оқшауламасын қамтамасыз ете алатын материалдар мен құрылымдарды қолдану;
- аэродинамикалық шуды төмендету үшін дыбыс жойғышты қолдану;

- шулы құрылғыны орналастыру барысында арнайы шудан оқшауланған бокстарды және шудан оқшаулағыш қабықтарды орнату;
- шу көздерін экрандау;

КЭС жабдықтары үшін жобалау барысында шу және дірілді төмендетудің келесі шараларын қарастырамыз:

- барлық бөгеттердің қатаңдық қабырғаларын тұрғызумен бірге мықты төсеніштерге бекіту, ал каналдар мен есіктерді турбогенератор негіздеріне бекіту;
- турбина конденсаторларының діріл оқшауламасы;
- жоғарғы қысым құбырларындағы бу қозғалысының жылдамдығы ең аз шу әсерінің шектерінен алынады;
- арматура дыбыс оқшаулағыш қабықтарға қосылады:
- генератордың монтаждық сақиналарының дыбыс жұтқыш

қабықтарына щеткасыз қоздырғыштарсыз қосылу;

- желдеткіштерді діріл оқшаулағыш негіздерге орнату;
- желдеткіш құрылғыларды желдеткіш камераларында орнату;
- аэродинамикалық шудың шу жойғыштарын кондицианирлеу жүйесінің сору және қажау ауа жүргізгіштерінде орнату;
- жабдықтың жылулық оқшауламасы дыбыс жұтқыш жабыны болып та табылады.

Оқшауланған бөлмеге шудың өтуін азайту үшін келесі құрылысакустикалық шаралар қарастырылады:

- жабындардың қабырғаларын, қоршауларды, есіктерді, терезелерді, басқару қалқанының бақылаукабиналарын және т.б жобалау барысында қажетті материалдар мен құрылымдарды қолдану;
- трубопроводтардың (құбырлардың) беттерінде дыбыс оқшаулағыш және дірілдемпфирлейтін жабындарды қолдану;
- турбогенраторлардың діріл оқшауламасы үшін жүзгіш еденді қолдану;
- механикалық желдету және ауаны кондицианирлеу жүйелерінде шу жұтқыштарды қолдану.

3.2 ГРЭС тегі зиянды заттардың атмосфераға сейілуін есептеу және санитарлы-қорғаныс зонасын құру.

Мұнараның минималды биіктігі, жергілікті аймақ үшін төменгі формуламен жіберілетін шектік концентрация бойынша есептеледі (ПДКсс):

$$C_м = \frac{AMFmn\eta}{H^2 \cdot \sqrt[3]{V_Г \cdot \Delta T}} = \frac{200 \cdot 113 \cdot 1 \cdot 1{,}067 \cdot 1 \cdot 1}{118^2 \cdot \sqrt[3]{282 \cdot 202}} = 0{,}045\ мг/м^3$$

мұндағы *H* – мұнараның жер бетінен биіктігі, *м*;

A – атмосфералық температураның стратификациясына тәуелді коэффициент: бұл коэффициент Қазақстан үшін *A* = 200;

M – қалдық көлемі (атмосфераға таралатын зиянды заттар мөлшері), *г/с*;

F - коэффициент, зиянды заттардың атмосфера ауасына тұну жылдамдығы

F = 2 егер, тазарту әсерлілігі 90% артық болса;

F = 2,5 егер, тазарту әсерлілігі 75 – 90%;

F = 3 егер, тазарту әсерлілігі 75% дейін немесе жоқ кезде;

m және *n* - коэффициенттер, зиянды газ қосылыстарының қалдық көзінен шығуына тәуелді;

η - коэффициент, жер бедеріне тәуелді (тегіс жер үшін η = 1);

ПДК – жығарылушы зиянды заттардың шектік концентрациясы, *мг/ м3*;

$C_ф$ –атмосферадағы зиянды заттар концентрациясы, *мг/ м3*;

$V_Г$– газауалы қосынды көлемі, *м3/с*, қалдық көзінің ауданы (*м2*) (мұнара қимасының ауданы), газауалы қоспаның мұнарадан шығатын орташа жылдамдығына (*W, м/с*) байланысты;

ΔT – шығарылатын газауалық қоспаның температурасы $T_Г$ мен қоршаған ортаның ауасының T_B температурасы арасындағы айырмашылық.

$$V_Г = \frac{\pi \cdot D^2}{4} \cdot W \qquad (4.2)$$

мұндағы D - газауалы қоспаны шығаратын мұнараның диаметрі, м;

w_0- құбырдан шығатын қоспаның орташа жылдамдығы, м/с.

m және n еселеуіштерінің мәндері f, $\upsilon_м$, $\upsilon`_м$ және f_e көрсеткіш теріне байланысты анықталады:

$$f = 1000 \cdot \frac{W^2 \cdot D}{H^2 \cdot \Delta T} = 1000 \cdot \frac{25^2 \cdot 5}{130^2 \cdot 144} = 128$$

$$\Delta T = T_г - T_в = 167 - 23 = 144℃$$

$$V_Г = \frac{\pi \cdot D^2}{4} \cdot W = \frac{3{,}14 * 5^2}{4} * 25 = 490$$

$$v_M = 0{,}65\sqrt[3]{\frac{V \cdot \Delta T}{H}} = 0{,}65 * \sqrt[3]{\frac{490 * 144}{130}} = 5{,}3.$$

$$\sigma_\mu = 1.3 * \frac{\omega_0 * D}{H} = 1.3 * \frac{25 * 5}{130} = 1.25$$

$$f_c = 800(\sigma_\mu)^3 = 800 * 1.25^3 = 1562$$

m еселеуіші f параметріне байланысты келесі кейіптемемен анықталады: f<100 болғанда:

$$m = \frac{1}{0{,}67+0{,}1\cdot\sqrt{f}+0{,}34\cdot\sqrt[3]{f}} = \frac{1}{0{,}67+0{,}1\sqrt{128}+0{,}34\cdot\sqrt[3]{128}} = 0.87 \qquad (4.6)$$

n еселеуіші f<100 болғанда $\upsilon_м$ параметріне байланысты келесідей анықта-лады:

$\upsilon_м \geq 2$ болғанда n=1

Зиянды заттардың жергілікті концентрациясының ең жоғарғы мәні:

$$C_м = \frac{AMFmn\eta}{H^2 \cdot \sqrt[3]{V_Г \cdot \Delta T}} = \frac{200 \cdot 86.041 \cdot 1 \cdot 0.87 \cdot 1 \cdot 1}{130^2 \cdot \sqrt[3]{490 \cdot 144}} = 0.022\, мг/м^3$$

Қалдық көзінен қолайсыз метеорологиялық жағдайларда жергілікті концентрация $c_м$, мг/м^3, өзінің ең жоғарғы мәніне жететін $x_м$, м, ара қашық-тықтығы келесі кейіптемемен анықталады:

$$C_М = \frac{5-F}{4} * d * H = \frac{5-1}{4} * 21 * 130 = 2730\, м,$$

$$d = 7 * \sqrt{\sigma_m} * \left(1 + 0.28 * \sqrt[3]{f}\right) = 7 * \sqrt{5.3} * \left(1 + 0.28 * \sqrt[3]{128}\right) = 21.$$

мұндағы: өлшемсіз еселеуіш d;

f<100 болғанда келесі кейіптемемен анықталады:

$\upsilon_м$>2 болғанда зиянды заттардың жергілікті концентрациясы $c_м$ ең үлкен мәнге жететін флюгер деңгейінде (көбіне жер деңгейінен 10 м қашықтықта),

f<100 болған жағдайдағы қауіпті жылдамдықтың мәні келесі кейіптемемен анықталады, $\upsilon_м$>2 болғанда;

$$u_m = \sigma_\mu * \left(1 + 0.12 * \sqrt[3]{f}\right) = 5.3\left(1 + 0.12 * \sqrt[3]{128}\right) = 6\ м/с$$

Желдің қауіпті жылдамдығы $u_м$ кезінде атмосферадағы қалдық факелы осі бойынша қалдық көзінен әртүрлі х, м, ара қашықтықтағы зиянды заттардың жергілікті концентрациясы келесі кейіптememен анықталады:

$$c = s_1 * c_m,$$

мұндағы: s_1 – өлшемсіз еселеуіш, бұл шама F еселеуіші мен $x/x_м$ қатынасына байланысты келесі кейіптемелермен анықталады,

$\frac{x}{x_м} \leq 1$ болғанда

$$S_1 = 3 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^4 - 8 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^3 + 6 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^2 \quad (4.10)$$

$1 < \frac{x}{x_м} \leq 8$ болғанда

$$S_1 = \frac{1,13}{0,13 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^2 + 1} \quad (4.11)$$

$\frac{x}{x_м} \geq 8$ болғанда

$$S_1 = \frac{\frac{x}{x_м}}{3,58 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^2 - 35,2 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right) + 120} \quad (4.12)$$

$\frac{x}{x_м} = 0.5$

$$S_1 = 3 * (0.5)^4 - 8 * (0.5)^3 + 6 * (0.5)^2 = 0.6875;$$

$$C_1 = 0.6875 * 0.022 = 0.015\ мг/м^3$$

$\frac{x}{x_м} = 1$

$$S_1 = 3 * (1)^4 - 8 * (1)^3 + 6 * (1)^2 = 1;$$

$$C_1 = 1 * 0.022 = 0.022\ мг/м^3$$

$\frac{x}{x_м} = 3$

$$S_1 = \frac{1.13}{0.13 * 3^2 + 1} = 0.5201;$$

$$C_1 = 0.5207 * 0.022 = 0.011\ мг/м^3$$

$$\frac{X}{X_M} = 6$$

$$S_1 = \frac{1.13}{0.13 * 6^2 + 1} = 0.4414;$$

$$C_1 = 0.4414 * 0.022 = 0.0098\, мг/м^3$$

$$\frac{X}{X_M} = 8$$

$$S_1 = \frac{1.13}{0.13 * 8 + 1} = 0.1212;$$

$$C_1 = 0.1212 * 0.022 = 0.0026\, мг/м^3$$

$$\frac{X}{X_M} = 10$$

$$S_1 = \frac{10}{3.58 * 10^2 - 35.2 * 10^2 + 120} = 0.079;$$

$$C_1 = 0.079 * 0.022 = 0.0017\, мг/м^3$$

$$\frac{X}{X_M} = 15$$

$$S_1 = \frac{10}{3.58 * 15^2 - 35.2 * 15^2 + 120} = 0.038;$$

$$C_1 = 0.038 * 0.022 = 0.0017\, мг/м^3$$

Өндіріс орнының санитарлы қорғаныс зонасын анықтау келесі формула арқылы жүргізіледі:

$$L = L_0 \cdot \frac{P}{P_0} \qquad (4.13)$$

мұндағы L – санитарлы қорғаныс зонасының есептік өлшемі

L_0 – берілген бағыттағы ауданның есептік өлшемі, мұнда улы заттар концентрациясы ШРК-дан көп болады;

Р – қаралған румбаның орташажылдықтағы қайталанатын жел бағыты;

Ро – шеңберлік желдер розасы кезіндегі бір румбаның қайталануы, %;

$P_0 = \frac{100}{8} = 12.5\%$ кезіндегі румбаның жел бағытының қайталануы , сегіз румбалы жел раушаны кезінде ;

$\frac{x}{x_i} = 4.5; L_0 = 4.5 * x_m = 4.5 * 2730 = 12285\,м,$

Солтүстік: $L^с = L_0 * \frac{P^с}{P_0} = 12285 * \frac{7}{12.5} = 6789\,м,$

Батыс: $L^Б = L_0 * \frac{P^Б}{P_0} = 12285 * \frac{10}{12.5} = 9828\,м,$

Оңтүстік: $L^О = L_0 * \frac{P^О}{P_0} = 12285 * \frac{12}{12.5} = 11793\,м,$

Шығыс: $L^ш = L_0 * \frac{P^ш}{P_0} = 12285 * \frac{14}{12.5} = 13760\,м,$

Солтүстік-Батыс: $L^{СБ} = L_0 * \frac{P^{СБ}}{P_0} = 12285 * \frac{8}{12.5} = 7862\,м,$

Оңтүстік-Шығыс: $L^{ОШ} = L_0 * \frac{P^{ОШ}}{P_0} = 12285 * \frac{25}{12.5} = 24570\,м,$


Оңтүстік-Батыс: $L^{ОБ} = L_0 * \frac{P^{ОБ}}{P_0} = 12285 * \frac{16}{12.5} = 15724\,м,$

Солтүстік-Шығыс: $L^{СШ} = L_0 * \frac{P^{СШ}}{P_0} = 12285 * \frac{8}{12.5} = 7862\,м,$


Кесте 4.5 – Бағыттар бойынша желдің соғуы

	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Р,%	9	12	7	23	16	20	7	6
L, м	6789	7862	13760	24570	11793	15724	9828	7862

Санитарлы-қорғау аумағының I класы таңдалады (1000-2000 м және одан аса).



Сурет 4.1 – Жел раушаны



Сурет 4.2 – Санитарлы қорғау аймағы

3.3. КЭС тағы өрт қауіпсіздік ережелеріне , қорғану шараларына талдау жүргізу.

3.3 Өрт қаупі. Өрттен қорғау жүйесі – адамдардың өрттен сақтануына және өрттен болатын шығынды шектеу мақсатына бағытталған ұйымдастырылған іс-шаралар және техникалық құралдар кешені.

Өрт және жарылыстарды болдырмау үшін, алдымен жанғыш және жарылысқа қауіпті ортаның пайда болу мүмкіндігін жою, сондай-ақ жанғыш ортада тұтандыру көздерін болдырмау керек. Бұл міндеттер өндіріс құрамдарын және технологиялық үрдістерді жобалау сатысында, сондай-ақ өндірістерді пайдалану үрдісінде шешеді. Өрт әртүрлі себептерден пайда болады және көптеген материалдық құндылықтардың шығынына әкеліп соғады, кейбір жағдайда адамдардың өліміне себеп болады.

Ғимараттардың құрылыс үрдісіндегі өрттің таралу себебі болып газ немесе электрпісіргіш жұмыстарын жүргізген кезде өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы болып табылады.

Мекемелерде үлкен көлемде жағу майлары, отындар, жарылысқа қауіпті жанғыш газдар және сұйықтар қолданылады. Техникалық үрдістерде термиялық құрылғылар, балқытылған металл, ашық жалын пайдаланады.

Көптеген үрдістерде өрт және жарылыстың себебі болып табылатын ұшқын және жану бөлінеді. Өрт және жарылыс әдеттегідей көлемді жоспарланған шешімдердегі қателіктердің, құралдардағы ақаулардың болуы, жұмысты ұйымдастырудағы және қызметкерлер іс-әрекетіне жеткіліксіз бақылаудың болуынан пайда болуы мүмкін.

Кәсіпорындарда өрттің және жарылыстың негізгі себептері болып табылатындар:

- электр құрылғыларының эксплуатация ережесінің бұзылуы;
- электр құрылғыларының істен шығуы;
- техникалық құрылғыларының істен шығуы;
- материалдың өздігінен жануы;
- пеш құрылғыларының эксплуатация ережелерінің бұзылуы;
- пісіру жұмыстары;
- өртке бейғам қарау (темекі шегу, қыздырғыш приборларды қараусыз қалдыру т.б);
- желдеткіш жүйелердің істен шығуы және дұрыс құрастырылмауы.

Егер нақтыласақ, өрттің пайда болуының негізгі себептері:

- ғимараттарды салу және жобалау кезіндегі жіберілген қателіктер;
- өндіріс қызметкерлерінің өрт қауіпсіздігінің қарапайым шараларын сақтамауы;
- электр құрылғыларын эксплуатация кезіндегі жұмыс үрдісінде қауіпсіздігін сақтамау;

Тұтасымен алғанда іс жүзінде өртке әкеліп соғатындар:

- тексеру кезінде анықталғандай қызметкерлердің өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды есепке алмауы;
- белгілі және түсінікті өрт қауіпсіздік ережелерін орындауға салақ қарауы.

Өрттің және жарылыстың алдын алу жүйесіндегі негізгі бағыт болып жарылысты және өртті жою және оның алдын алу шараларын, өрттің

таралуын шектеу сферасын және адамдармен заттарды жанған ортадан көшірілуін қамтамасыз етуін қарастыратын өрт практикасы болып табылады.

Өрт және жарылыстың алдын алу және болдырмау шаралары мынандай қалыпты техникалық құжаттарда көрсетілген: МСТ, ҚНжЕ, ЕҚСЖ стандартында, типті өрт қауіпсіздік ережесінде, тұтынушылардың электр құрылғыларын техникалық эксплуатациялау ережелерінде, т.б.

Тұтасымен алғанда өндірістерде қолдануға тиісті өрттің алдын алу шараларын үш бағытта іріктеуге болады:

1. Өрт және жарылысты болдырмау:
   - өртке қауіпті және жанғыш ортаның пайда болуын алдын алу;
   - герметикалық құрылғыларды қолдану;
   - жанғыш және өртке қауіпті ортаны оқшаулау және шығару;
   - жұмыстық және авариялық желдеткішті пайдалану;
   - жанғыш зат массасын шектеу және оларды қауіпсіз орналастыру;
   - жану көзін жою;
   - сәйкес электр құрылғыларын қолдану;
   - от жұмыстарын реттеу;
   - найзағайдан қорғау құрылғылары;
2. Өрт және жарылыстан қорғау:
   - өртке және жарылысқа қарсы заттардың минимал қажетті сандарын құру;
   - өрт сигнализациясын, өрт техникасын және өртті сөндіру құралдарын қолдану;

Өрт кезінде түтінді құрту үшін, ғимараттың бөлмелерінен адамдарды көшіруді қамтамасыз ету мақсатында авариялық түтінге қарсы желдету жобаланады.

Түтінді шығару мынандай жағдайда қарастырылады:

- егер бөлмелер А, Б және В категорияларына жатқызылған болса, табиғи жарықтандырусыз тұрақты жұмыс орны бар әрбір өндірістік немесе қоймалық бөлмелерден механикаландырылған келтіргіштері жоқ, еденнен фрамугастына дейін 2,2 м және оданда биік деңгейде терезелердің жоғарғы жағынан фрамугті ашу үшін;
- ауданы 200 $м^2$ аз автоматты су немесе көбікті өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған, А және Б категориялы бөлмелерден басқа;
- автоматты газды өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған бөлмелерде;
- ауданы ≤ 36 $м^2$ зертханалықбөлмелерде.

Түтінді тарту жүйелерінің желдеткіштері шатырда және сыртқы қабырғаларда орналастырылады. Олар тормен қоршалуы керек.

Газды өрт сөндіргіш қондырғылармен қорғалатын бөлмелерден өрттен кейін түтін мен газдарды бөлменің төменгі аймағынан жасанды үрлеу қарастырылады.

Өрт кезінде түтінді және өрттен кейін газдарды шығару үшін авариялық және негізгі желдету жүйелері пайдаланылады.



4. Экономикалық бөлім

4.1 Бизнес жоспар КЭС-1200 МВт

КЭС – ға қойылатын қондырғылар 4.1.1 кестеге енгіземіз:

Кесте 4.1.1 Электр станцияның негізгі жабдықтары мен қондырғылары.

Станцияның қондырғылары	Саны
Электр генераторы (6х200)	6
Күштік трансформатор	5

Автотрансформатор	2

4.2 Электрэнергиясын тұтыну

Қазақстан аумағында тұрғылықты адам саны өсуімен байланысты энергетиканың қажетілігі арта түседі. Мәселен алдыңғы 2015 жылы Қазақстан аумағында электр энергиясын тұтыну көлемі 100,9 млрд.кВт/сағ-қа өсті. Әдетте бұл бастама емес себебі Қазақстан 2030 жылға 144,7 млрд. кВт/сағ құруын көздеп отыр.

Осыған орай Қазақстан аумағында атом электр станциясын салу қажеттілігі арта түседі. Еліміз экономикасының әрі қарай дамуын қамтамасыз ету үшін электр энергиясын өндіру көлемін 2030 жылға қарай 150,2 млрд. кВт/с-ға дейін жеткізу қажет. Онда 2030 жылға қарай ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз ете отырып, экспорт әлеуеті 6 млрд. кВт/с-ны құрайтын болады. Осы орайда аталған жоспарларды жүзеге асыру мақсатында 2030 жылға дейін қолданыстағы қуаттарды қалпына келтіру және жаңа нысандардың құрылысы ескеріліп отыр. Оның ішінде таза көмір технологиясымен пайдаланылатын жылу электр стансаларының қуаты 7,2 ГВт-ға артады.

Кәзіргі таңда Қазақстан Республикасының аумағында 102 электрстанциясы жұмыс істеуде. Жалпы электр энергиясының 70%-ы ғимарат, 15%-ы тамақ, 10%-техникалық бұйымдар, 5%-ы жарықтандыруға кетеді екен. 2011 жылы 7 қалада автоматтандырылған есептеу санау жүйесі енгізілді.

Ең жоғары көрсеткіш электр энергиясын өндіру. 2011 жылы 86,2 млрд. кВт. сағатына, яғни, 1990 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 4%-ға өсті. 2011 жыл электр энергиясын тұтыну 2011 жыл 88,1 млрд. кВт. сағат, бұл 2010 жылдан 6% көп. Энергетиканың Қазақстандағы компаниялары: «Маңғыстау атом-энергетикалық комбинаты», «Самрұқ-Энерго», «KEGOC», «Алатау Халық компаниясы», «Алматы Энергосбыт», «Алматы Энерго станциясы», «Ақтөбе ТЭЦ-і», «Астана Энергосбыт», «Атырау жарық», «Уран Энерго». Қазақстанда 70% электр энергиясы көмірден, 14,6% су ресурсынан, 10,6% газ және 4,9% мұнайдан өңделеді екен.

Бүгінгі күні елімізде ерекше өткір болып отырған мәселе - электр энергетикасы саласының негізгі құрал-жабдықтарының ескіруі. Электр стансаларындағы негізгі жабдықтардың ескіруі 70%-ды құраса, тарату жүйелері жабдықтарының 65 %-ы жарамсыз.

[Ә5.]

4.3 Қаржы жоспары

Кесте 4.3.1 - Электр станцияларының негізгі өндірістік қорларының құнын анықтау

Электрстанцияның түрі	КЭС
Орнатылған қуат, МВт	1200
Агрегат саны	6х200 МВт
Қаржы құю, доллар	184060000 доллар

Айналым қаржының есепке алғанда энерго бірлестіктердің негізгі өндірістік қоры.

$$K = 1,02 \sum K_{CT} \quad (4.3.1)$$

Мұндағы K_{CT} - электрлік станцияға қаржы құю.

$$K = 1,02 \cdot 184060000 = 187741200 \text{ доллар.}$$

Өнімнің өзіндік құны дегеніміз, ақшалай түрде болатын кәсіпкерліктің өндіріске шығындалған қаржыларының негізгі және айналым орнын толтыратын шығындар мен қажетті өнім шығаратын адамдар еңбегіне ақы төлеу, қоғамға қажетті өндіріс шығындары мен өнімнің сатылуының бір бөлігі. Өзіндік құны өндіріс шығынының өлшеуіші ғана емес, сонымен олардың реттеуіші. Онда еңбек өнімділігі деңгейі; негізгі қорларды пайдалану деңгейі; жабдықтар, шикізаттар, отын шығындары үнемділігі; өндірісті пайдалану және ұйымдастыру сапасы кешенді түрде көрсетіледі. Өзіндік құнды азайту қоғамдық өндірістің нәтижелілігін көбейтудің негізі және өндірістің пайдасы мен тиімділігін арттырудың бірден бір жолы. Өндірілетін электр энергияның өзіндік құнын есептегенде 1т газ үшін 20000 тг, ал 1 т мазут 45000 екенін есепке аламыз. Жылына шамамен 1800000 т отын жағылады деп есепке аламыз. Соның 80%-ы газ отыны қалған 20%-ы мазут қолданылады.

4.4 Электр энергиясының шығындарына байланысты ұстанымдарды анықтау

Энергия өндіретін ұйымдарда жылдық ұстанымдар: отынға кететін шығындардарды ескеретін, жалақы, негізгі қорлардың амортизациясы, жөндеу, қоғамдық және т.б. керек жарақтардың қосындысы деп қарастырамыз.

$$И_{CT} = \sum (И_T + И_{ЖТ} + И_A + И_{АЖ} + И_Ж + И_{С.Н}) \quad (4.4.1)$$

Мұндағы $И_T$ - отынға кеткен ұстанымдар, доллар/жыл;

$И_{ЖТ}$ - жалақыға кеткен ұстанымдар, доллар/жыл;

$И_{А}$ - аматризация ұстанымдар, доллар/жыл;

$И_{АЖ}$ - жөндеуге кеткен ұстанымдар, доллар/жыл;

$И_{Ж}$ - қоғамдық және т.б. ұстанымдар, доллар/жыл;

$И_{СН}$ - өзіндік ұстанымдар, доллар/жыл.

Отынға кеткен ұстанымдар келесі өрнекпен анықталады:

$$И_{Т} = ц_{т} \cdot В^{Г} \quad (4.4.2)$$

Мұндағы $ц_{т}$ - отын бағасы, теңге;

$В^{Г}$ - отынның жылдық шығыны.

Табиғи отынның бағасы: *Ц*=20000 теңге 1т газ үшін.(1440000т жылына)
Ц=45000 теңге 1 т мазут үшін(360000т жылына)

$$И_{Тгаз} = 20000 \cdot 1440000 = 28800 \cdot 10^{6} \text{ тг/жыл} \approx 87272{,}72 \cdot 10^{3} \text{ доллар/жыл} .$$

$$И_{Тмазут} = 45000 \cdot 360000 = 16200 \cdot 10^{6} \text{ тг/жыл} \approx 49090{,}9 \cdot 10^{3} \text{ доллар/жыл}$$

$$\text{И}_{\text{Тжалпы}} = \text{И}_{\text{Тгаз}} + \text{И}_{\text{Тмазут}} = 163363{,}6 * \frac{10^{3}\text{доллар}}{\text{жыл}} \approx$$
$$\approx 53{,}909 * 10^{9} \text{ тг/жыл}$$

Қаржы салулар және негізгі қорлардың амортизациялық шығарылулары млн.теңге шығындық немесе негізгі жабдықтардың, құрылыстар, ғимараттар, қосалқы жабдықтарды жетілдіруі мен жаңартылуына шығарылатын қаржымен анықталады. Ұлттық экономикада тұрақтылық болмағасын және тіпті амортизация процессі туралы бір ауыздық пікір болмағанның қазіргі мезгілде амортизация шығаруға қажетті санды анықтау өте қиын.

$$И_{А} = (di / 100) \cdot К \quad (4.4.3)$$

$$И_{А} = \frac{6{,}7}{100} \cdot 1{,}8 \cdot 10^{8} = 12{,}06 \cdot 10^{6} \text{ доллар} \approx 39{,}798 \cdot 10^{9} \text{ теңге.}$$

Мұнда *di* - амортизацияның орта өлшем мөлшері (6,7-7,9) %;
К – негізгі өндірістік қорлар құны, млн.теңге.

ЖЭО-ның пайдаланатын қызметкерлер табысы $И_{ЖТ}$, млн.тг, ішінде: негізгі жұмысшы қызметкерлер табысын; инженерлі-техникалық жұмысшылар, жөндеуші қызметкерлер, әкімшілік қызметкерлер табысын кіргізеді.

$$И_{ЖТ} = n_{шт} \cdot N_y \cdot З_{ср} \quad (4.4.4)$$

Мұнда $n_{шт}$ – берілген станция үшін штаттық коэффициент, 1,5;

N_y – электр станцияның орнатылған қуаты;

$З_{ср}$ – өнеркәсіптік өндірістегі қызметкерлердің бір адамның орта жылдық қорының табысы.

$$И_{ЖТ} = 1{,}5 \cdot 1200 \cdot 1000000 = 1320 \cdot 10^6 \text{ тенг.} \approx 4000 \cdot 10^3 \text{ доллар}$$

$$И_{СН} = (Ижт - 0{,}1 \cdot Ижт) \cdot 0{,}11 = ((4000 - 400) \cdot 10^3) \cdot 0{,}11 = 396 \cdot 10^3$$
доллар $\approx 130^* \ 10^6$ тенге

Жалпы станциялық шығындар Иж млн.теңге, өзіне сым тетікке, ұялы байланыс және байланыстың басқа түрлеріне кететін шығындар, есептегіш техниканың қызметі, еңбекті қорғау шығындары, кадрлар дайындау шығындары, құқықтық дәрістік шығындар, банк қызметі, агротехника қызметі, лифтілер, өрт сөндіруші және ведомстволықсыз қорғаныс қызметі, кеңселік және почталық қызметтерді өзіне енгізеді.

Ағымдағы жөндеу шығындары $И_{аж}$, негізгі және қосалқы жабдықтар, құрылыстар, ғимараттар және автопарктің ағымдағы жөндеуінің шығындары:

$$И_{аж} = 0{,}1 \cdot И_а \quad (4.4.5)$$

$$И_{аж} = 0{,}1 \cdot 120600 \cdot 10^3 = 12060 \cdot 10^3 \ \ доллар \approx 3{,}979^* \ 10^9 \text{ тенге}$$

$$И_Ж = (0{,}32–0{,}16) \cdot (И_{ЖТ} + И_А + Иаж + Исн)$$

$$И_Ж = 0{,}16 \cdot (4000 + 120600 + 12060 + 396) \cdot 10^3 = 2{,}825 \cdot 10^6 \text{ доллар } \approx 932{,}25 \cdot 10^6$$
тенге

КЭС бойынша жалпы шығындар:

$$И_{СТ} = (136363,6 + 4000 + 12060 + 1206 + 2825 + 396) \cdot 10^3 = 156,850 \cdot 10^6 \text{ доллар}$$
$$\approx 51,760 \cdot 10^9 \text{ тг.}$$

4.5 Жылдық өндірісті есептеу

КЭС электр энергиясының жылдық өндірісі

$$W_B = P_{уст} \cdot h_{уст} \quad (4.5.1)$$

мұндағы P -станцияның активті қуаты кВт;

$h_{уст}$ -КЭС орнатылған қуатын пайдалану сағат саны

$$W = 1200 \cdot 10^3 \cdot 7325 = 8790 \cdot 10^6 \; кВт \cdot саг$$

Тұтынушыларға бір жыл ішінде электр энергиясын жіберу.

$$W_{СН} = 0,05 \cdot W = 0,06 \cdot 8790 \cdot 10^6 = 527,4 \cdot 10^6 \; кВт \; саг/жыл$$

$$W_{ОТП} = W - W_{СН} = (8790 - 527,4) \cdot 10^6 = 8262,6 \cdot 10^6 \; кВт \; саг/жыл$$

4.6 Өзіндік құнды есептеу

Бір кВт · сағ өзіндік құны:

$$S = \frac{И_{СТ}}{W_{ОПТ}} \quad (4.6.1)$$

$$S = \frac{51,760 \cdot 10^9}{8262,6 \cdot 10^6} = 6,2 \; тг/кВт \cdot саг$$

$$T = 1,25 \cdot S \quad (4.6.2)$$

$$T = 1,25 \cdot 6,2 = 7,8 \; тг./кВт \; саг$$

Өзіндік құнымен электрэнергияны сату мына өрнекте көрсетілген:

$$D = W_{ОТП} \cdot T \; тг/жыл \quad (4.6.3)$$

$$D = 8262,6 \cdot 10^6 \cdot 7,8 = 64448,28 \cdot 10^6 \; тг/жыл$$

Түскен пайданы есептеу:

$$T_П = D - И_{жс} \quad (4.6.4)$$

$$T_П = (64448,28 - 51760) \cdot 10^6 = 12688,28 \cdot 10^6 \; тг/жыл$$

Таза пайданың ,салыққа шығынды есептегенде қалатын пайда(салық ұстанымы - 20%):

$$П' = 0,8 \cdot Т_П \quad (4.6.5)$$

$$П' = 0,8 \cdot 12688,28 \cdot 10^6 = 10150,624 \cdot 10^6 тг/жыл$$

Станцияның өтімділік мерзімі капиталдық шығынның пайдаға қатынасымен анықталады, станцияның өтелуі мүмкін уақыты. Өтімділік уақыты келесі формуламен анықталады:

$$С = \frac{К}{П} = \frac{61954,5*10^6}{10150,624*10^6} = 6,1 \text{ жыл.}$$

4.7 Жобаның экономикалық көрсеткіштерін есептеу

NPV – таза құнды анықтау әдісі.

Бұл фирманың құндылығы инвестициялық жобаны іске асыру нәтижесінде өсетін инвестицияны талдау әдісі:

1) Кез келген фирма өз құндылығын өсіруге ұмтылады;

2) Әртүрлі уақыттық шығындардың құны әртүрлі.

Ақшаның құндылығы уақыт бойынша да өзгеріп тұрады. Мұның мәні инфляцияда емес, коммерциялық операцияға салынған тенге бір жыл ішінде одан түскен табыс есебінен қомақты сомаға айналуы мүмкін.

Дисконттау – бұл бүгін инвестицияланатын құралдардың болашақ бағасын есептеу процессі немесе ақша құндылығының кері есептеулері, яғни келешекте белгілі соманы алу үшін бүгін оны қандай көлемде инвестициялауды анықтау.

$$PV = FV \cdot \frac{1}{(1+r)^n} \quad (4.7.1)$$

мұндағы, PV – құралдардың болашақ қосындысы;

FV – банктің пайыздық ставкасы;

n – жобаны іске асыру уақыты.

NPV – бұл жобаны іске асыру тудыратын ақша салымдарының қосындысымен, оның ағындық құнына дисконтталған және осы жобаны іске асыруға қажетті барлық шығындардың ағындық құндарының дисконтталған қосындысы.

$$NPV = \sum_{t=1}^{n} \frac{CFn}{(1+r)^t} - I_0, \quad (4.7.2)$$

$$CF = П' + И_а = 1114,53 \text{тенге/жыл} \cdot 10^9 \approx 30,7 \cdot 10^6 \text{ доллар/жыл.}$$

мұндағы *Io* – бастапқы салынған құралдар;

CF – қаржы құралдарының түсуі;

r – банктың пайыздық ставкасы;

t – жобаның іске асыру жылдары.

Пайданың ішкі нормасын есептеу әдісі (IRR). IRR пайданың ішкі әдісі инвестициялау мақсатындағы құралдардың ақталу деңгейін немесе NPV кездегі r нөл мәні. IRR жоба бойынша тәуекел деңгейінің индикаторы қызметінде. IRR фирманың қабылданған тосқауыл коэффициенті қандай үлкен деңгейде басып озады, соншалықты жобаның төзімділігі қоры үлкен және болашақ ақша салымдарын есептегендегі қателіктер аз болады.

Кесте 4.7.1 - Кірістің ішкі нормасының көрсеткіші

Жылдар	CF	R	PV	NPV
0	-187,74	1,00	-187,7	-187,7
1	30,7	0,91	27,94	-159,7
2	30,7	0,83	25,5	-134,2
3	30,7	0,75	23,1	-111,17
4	30,7	0,68	20,87	-90,29
5	30,7	0,62	19,1	-71,2
6	30,7	0,56	17,2	-54
7	30,7	0,51	15,65	-38,343
8	30,7	0,47	14,5	-23,9
9	30,7	0,42	12,9	-11
10	30,7	0,39	11,9	0,9